

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№14 (127) ЖҰМА

25 сәуір 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

«СӘТБАЕВТЫҢ СОҢҒЫ СОЛДАТЫ» ЕДІ...

Биыл – Ұлы Жеңіске - 80 жыл! Еліміз бойынша 111 ардагері ғана қалыпты. Ал, біздің облыста соғысқа барып келгендердің бірде-бірі қалған жоқ. Бәрі де аспан әлеміне аттанып кетті.



Тоғай Дауылбаев ақсақалды әзілді – шынды «Сәтбаевтың соңғы солдаты» дейтін едік. Өйткені, Тоғай ақсақал Жеңістің жалауын желбіреткен жеңімпаз жауынгерлердің Қаныш қаласындағы қалған ең соңғы жалғыз тұяғы еді. Біз үшін осындай ақсақалымыздың алдымызда жүргені дәтке қуат еді, мақтанушы едік. «Көп қалған жоқ қой, бұ кісінің 100-ге жеткенін көрсек екен» деп жүретін едік. Бірақ... Фашизмнен елін қорғаған атамизды короновирис дертінен қорғай алмадық. Ол 98 жасында өмірден өтті.

1923 жылы 20 маусымда Ұлытау ауданында жұмысшы отбасында өмірге келген Тоғай Дауылбаев жылы 18 жасында әскерге шақырылды. 1-ші Украина майданы 29-шы полк құрамында жаумен шайқасты. 1943 жылы маусымда ауыр жарақат алып, майданнан 2-ші топтағы мүгедек болып елге оралды. Соғыстан кейінгі жылдарда колхозда, кейін 30 жылдан аса мал дәрігері болып еңбек етті. Кеудесінде бірнеше орден, медальдары жарқырап тұрушы еді. Сәтбаев қаласының Құрметі азаматы атанған ардақты ақсақалымыз болатын.

Ұлы Жеңістің айтулы мерекесі қарсаңында ардақты ақсақал, абзал ағаны еске алуды жөн санадық. Өйткені, бейбіт күн, ашық аспан – сол кісілердің алдында Мәңгі қарыздармыз! Мұны ұмытуға болмайды.

Абдолла ДАСТАНОВ



ТАҒАЙЫНДАУ

Сәтбаев қаласының кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің басшысы болып Төленді Жақыпұлы Балықбай тағайындалды.



Төленді Жақыпұлы 1992 жылы Жезқазған қаласында дүниеге келген. Білімі жоғары.

2015 жылы Қазақ қатынас жолдары университетінде радиотехника, электроника және телекоммуникациялар мамандығы бойынша білім алса, 2017 жылы Омск гуманитарлық академиясында бизнес және басқару мамандығын тәмамдаған.

Алғаш еңбек жолын 2012 жылы «Қазақтелеком» акционерлік қауымдастығының филиалы – Қарағанды облыстық телекоммуникация дирекциясында электромонтер болып бастаған.

2013-2018 жылдары аралығында аталған дирекцияда электромеханик, инженер болып еңбек етті.

2019 жылдан 2022 жылға дейін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитеті көлікті цифрландыру басқармасының бас сарапшысы қызметінде болды.

2022-2024 жылдары Ұлытау облысы әкімі аппаратының ақпараттық технологияларды дамыту мәселелері және ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі бас инспекторы қызметін атқарды.

Тағайындауға дейін Ұлытау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының инвестиция және өнеркәсіп бөлімінің басшысы болды.

• ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Жезқазған қалалық мәслихатының әлеуметтік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы төмендегі көшелерді қайта атау мәселесі бойынша көпшілік тыңдау өткізетінін хабарлайды.

- 1) Проспект Мира – Бейбітшілік даңғылына;
- 2) Либкнехт көшесін – Қамза Жұмабеков көшесіне;
- 3) Карл Либкнехт тұйық көшесін- Қамза Жұмабеков көшесіне

Осыған орай Сіздерді 2025 жылдың 19 мамырында өтетін көпшілік тыңдауға қатысуға шақырамыз. Тыңдау Жезқазған қаласы, Есенберлин көшесі, 9 «а» мекенжайы бойынша «Облыстық әмбебап кітапханасы» КММ ғимаратының үлкен залында сағат 15.00-де өтеді.

Қатысушыларды тіркеу сағат 14.00-ден басталады.

Жезқазған қалалық мәслихатының әлеуметтік мәселелері бойынша тұрақты комиссиясы

• ОБЪЯВЛЕНИЕ

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ЖЕЗКАЗГАН!

Постоянной комиссией по социальным вопросам Жезказганского городского маслихата объявляются публичные слушания по вопросу переименования улиц города Жезказган:

- 1) Проспект Мира – на проспект Бейбітшілік;
- 2) Улицу Либкнехта – на улицу Қамза Жұмабекова;
- 3) Переулок Карла Либкнехта-на улицу Қамза Жұмабекова;

Приглашаем всех желающих принять участие в публичных слушаниях, которые пройдут 19 мая 2025 года в 15.00 часов в актовом зале КГУ «Областная универсальная библиотека» по адресу: г.Жезказган, ул. Есенберлина 9 «а».

Регистрация участников начинается в 14.00 часов.

Постоянная комиссия по социальным вопросам Жезказганского городского маслихата

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

1.«БК Сүйікті Қала» ЖШС-інің алдағы уақытта атқаратын жұмыстар
Сәуір айына жоспарланған күрделі жөндеу жұмыстары:

Ерден көшесі 99: - 21-23 сәуір. Наурыз көшесі 150: - 21-25 сәуір. Сәтбаев даңғылы 117: - 21-25 сәуір. Шаталюк көшесі 52: -21-23 сәуір.

Мамыр айына жоспарланған күрделі жөндеу жұмыстары:

Байқоңыр көшесі 46: - 1-2 және 5 мамыр. Алаш көшесі 15а: -12-14 мамыр. Алаш көшесі 17: -15-17 мамыр. Гурба көшесі 13:- 18-20 мамыр. Гурба көшесі 73: -21-23 мамыр. Абай көшесі 56:- 12-14 мамыр. Абай көшесі 58: -15-17 мамыр. Абай көшесі 64: -18-20 мамыр. Ұлытау көшесі 84:- 1-2 және 5 мамыр. Ұлытау көшесі 90:- 6, 12-16 мамыр. Сәтбаев даңғылы 105:- 17-21 мамыр. Абай көшесі 47а:- 1-2 және 5 мамыр. Сәтбаев даңғылы 143/1:- 6, 12-16 мамыр. Сәтбаев даңғылы 143/3:- 17-21 мамыр.

Маусым айына жоспарланған күрделі жөндеу жұмыстары:

Ұлытау көшесі 50а:- 2-4 маусым. Байқоңыров көшесі 52:- 10-12 маусым. Ерден көшесі 93:- 17-19 маусым. Бөпежанов көшесі 15:- 24-26 маусым. Абай көшесі 46:- 2-4 маусым. Абай көшесі 66:- 10-14 маусым. Ерден көшесі 139:- 17-21 маусым. Ерден көшесі 149:- 24-28 маусым. Ұлытау көшесі 100:- 2-6 маусым. Ұлытау көшесі 102: - 9-13 маусым. Ұлытау көшесі 104:- 16-20 маусым. Абай көшесі 89:- 2-4 маусым. Ерден көшесі 207:- 9-11 маусым. Ерден көшесі 225:- 16-18 маусым. Ерден көшесі 233:- 23-25 маусым.

Шілде айына жоспарланған күрделі жөндеу жұмыстары:

Ұлытау көшесі 50а:- 1-3 шілде. Байқоңыров көшесі 52:- 7-9 шілде. Ерден көшесі 93:- 14-16 шілде. Бөпежанов көшесі 15:- 21-23 шілде. Абай көшесі 46:- 1-3 шілде. Абай көшесі 66:- 7-11 шілде. Ерден көшесі 139:- 14-18 шілде. Ерден көшесі 149:- 21-25 шілде. Ұлытау көшесі 100:- 1-4 және 7 шілде. Ұлытау көшесі 102:- 8-11 және 14 шілде. Ұлытау көшесі 104:- 15-18 және 21 шілде. Абай көшесі 89:- 1-3 шілде. Ерден көшесі 207: - 7-10 шілде. Ерден көшесі 225:- 14-16 шілде. Ерден көшесі 233:- 21-23 шілде.

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазіргі кезде 2025-2026 жылдарғы қысқы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары басталып та кетті. Қаладағы тиісті коммуналдық мекемелер алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардың жоспарын жасады. Бұл жоспар төменде жарияланып отыр. Біз олардың орындалысын қатаң қадағалайтын боламыз. Сонымен бірге, Сіздердің де бұл іске белсенділікпен атсалысуларыңызды сұраймыз. «Қыстың қамын – жаз ойла» дегенді қаперімізден шығармайық. Көп нәрсе Сіздердің өздеріңізге де байланысты. Ертең қыстың күні бүрсең қақпау үшін, алты ай жазда дайындықтың ойдағыдай болуын бірлесіп қадағалайық. Жертөлеге түсіп қандай жұмыс жүріп жатқанына өз тараптарыңыздан Сіздер де бақылауды күшейтіңіздер, қай жерде жұмыс дұрыс жүрмей жатқаны байқалса, дереу бізге хабарласыңыздар!



Тамыз айына жоспарланған күрделі жөндеу жұмыстары:

Ерден көшесі 181:- 4-6 тамыз. Ерден көшесі 185:- 7-8 және 11 тамыз. Ерден көшесі 187:- 12-15 және 18 тамыз. Ерден көшесі 189:- 19-21 тамыз. Ерден көшесі 195:- 25-27 тамыз. Абай көшесі 6:- 4-6 тамыз. Абай көшесі 16:- 7-8 және 11 тамыз. Абай көшесі 22:- 12-14 тамыз. Абай көшесі 24:- 18-22 тамыз. Абай көшесі 26:- 25-29 тамыз. Абай көшесі 67:- 4-6 тамыз. Абай көшесі 73:- 11-13 тамыз. Сәтбаев даңғылы 144:- 18-20 тамыз. Сәтбаев даңғылы 162:- 21-22 және 25 тамыз. Шаталюк көшесі 18:-

26-28 тамыз.

2. «БК Самға-Тазалық» ЖШС 2025 жылға жоспары:

Қазіргі таңда 56 тұрғын үйге қызмет көрсетілуде. Алдағы жоспарда тұрғын үйлерді жылыту маусымына дайындау. Күнделікті аула тазалау. Кәріз құбырларын тазалау. Жол жиектерін және талдарды өктеу. Жер төлелерді дәрілеу жұмыстары. Ағымды жөндеу жұмыстары. Жертөлені толығымен жарықтандыру

Күрделі жөндеу жұмыстары, кәріз құбырлары, ауыз су, ыстық су және жылу жүйелері:

Тәуелсіздік даңғылы 38.Тәуелсіздік даңғылы 51. Тәуелсіздік даңғылы 19.Тәуелсіздік даңғылы 25.Ерден көшесі 223.Ерден көшесі 191.Ерден көшесі 143.Ерден көшесі 147.Ұлытау көшесі 64.Абай көшесі 27 .Наурыз көшесі 152 -мекен-жайлары бойынша жүргізіледі.

3. «Кәусар-7» ЖШС-нің алдағы уақытта атқаратын жұмыстары:

2025-2026 жылдарға Абай 13/3, 17/2, 9/1 мекенжайындағы тұрғын үйлерді тексеру жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Қалған үйлерде де тексеру жұмыстары жүргізіледі.

4. «Татиева» ЖШС-нің алдағы уақытта атқаратын жұмыстары:

2025 жылдың мамыр айында жоспарланған жұмыстар: Тәуелсіздік даңғылы 5 – жертөледегі көтергіш құбыры ауыстырылады. Сәтбаев даңғылы 104 – жертөледегі басқару түйіні (үзел управления) ауыстыру жұмыстары жүргізілетін болады.

5. «Қайсар» ПИК-інің алдағы уақытта атқаратын жұмыстары:

Барлық үйлерде ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Сәтбаев даңғылы 96 және Мәңгілік ел 23 мекен-жайларына ыстық су жүйесіне күрделі жөндеу жұмыстары жоспарлануда. Мәңгілік ел 21а көшесінде кәріз құбыры ауыстырылуы жоспарлануда. 10-20 мамыр аралықта барлық жер-төлелерге дезинфекция жасалуы жоспарлануда. Сәтбаев даңғылы 96 және Мәңгілік ел 23 мекен-жайларында кіреберіс алдындағы козетрогтың ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспарлануда. Шаталюк көшесі 44 және 46 үйлерге қаражат бөлінген жағдайда жарықтың және кәріз жүйесінің күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

6. «Көмек» ПИК-інің алдағы уақытта атқаратын жұмыстары:

Мәңгілік ел көшесі 11а, Мәңгілік ел көшесі 13а, Абай көшесі 52-үйлерде Жылу жүйесіне, Ыстық су және суық су жүйесіне және Кәріз жүйесіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Ж. СЕЙЛОВА,

«Сәтбаев қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру мақсатында Сіздердің назарларыңызға Сәтбаев қаласы әкімінің тұрғындармен кездесу тәртібін ұсынамыз:

№	Іс - шара	Күні және уақыты	Өткізілетін орны
1	Сәтбаев қаласы әкімі М.Е.Берібаевтің қала тұрғындарымен кездесуі	25.04.2025 ж. сағ. 17.00	«№16 жалпы білім беретін мектеп» КММ

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Жедел желі телефоны: 8/71063/ 3-48-20
Қала әкімдігінің сайтында электронды форматта ұсыныстар, ескертулер мен үн қатуларды қабылдау:
www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-satpaev - «сұрақ - жауап» бөлімінде
[www.facebook.com - Satbaev Qalasyyny Akimdigi](https://www.facebook.com/SatbaevQalasyynyAkimdigi)
[www.instagram.com - satbaev_akimdigi](https://www.instagram.com/satbaev_akimdigi)
Қосымша хабарлаймыз: есеп беру кездесуінен кейін Сәтбаев қаласының әкімі азаматтардың жеке қабылдауын өткізеді.

Сәтбаев қаласы әкімінің аппараты

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В целях реализации Указа Президента Республики Казахстан от 3 марта 2022 года «О проведении встреч акимов с населением», сообщаем о порядке проведения предстоящей встречи акима г.Сатпаев с населением.

№	Мероприятие	Дата и время	Место проведения
1	Встреча акима города Сатпаев Бурибаева М.Е. с жителями	25.04.2025 г. 17.00 час.	КГУ «Общеобразовательная школа №16»

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САТПАЕВ!

Сообщаем, что сбор предложений, замечаний и откликов в электронном формате можете оставить на сайте акимата г.Сатпаев.
Горячая линия по телефону: 8/71063/ 3-48-20
Для сбора предложений, замечаний и откликов в электронном формате на сайте акимата:
www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-satpaev - в разделе «вопрос - ответ»
[www.facebook.com - Satbaev Qalasyyny Akimdigi](https://www.facebook.com/SatbaevQalasyynyAkimdigi)
[www.instagram.com - satbaev_akimdigi](https://www.instagram.com/satbaev_akimdigi)
Дополнительно сообщаем, что после встречи акима г.Сатпаев с населением будет проводить личный прием граждан.

Аппарат акима города Сатпаев

Дегенмен, Ердің ерлігінен, Батырдың батырлығынан ел-жұртына шамамыз жеткенше, ептеп болса да, сөз қозғамасақ, аруақ алдында ұятқа да қалар едік. Елдің атын ер шығарса, ерінің атын елі неге әспеттемесін?! Соғысқа бармауына да болатын еді. Кейбіреулердің қолына түсіре алмай жүрген «бронь» мұның қалтасында -тын. Бірақ, Жақсымбек майданға барғысы келіп тұрды. Қобыланды, Алпамыс, Қамбар, Ер Тарғын батырлар туралы халық жырларын, басқа да хиссаларды тыңдап өскен қазақтың баласы емес пе? Кішкенеінен-ақ солардың ерлік рухы жүрегін баурап алушы еді-ау... Кейде өзін «қорамсаққа қол салған, қол салғанда мол салған» батырлардың біріндей сезінетін. Ауылдың бар баласы талдан істеген «найзаларын» қолға алып, «қылыштарын» асынып, талай-талай екі жақ болып «соғысатын». Бала кездің сол ойыны өмір шындығына айналған шақта, өзі құралпас жігіттер әскерге аттанып жатқанда, мұның елде қалғысы келмеді. «Ел басына күн туған шақта, ел қорғаушылардың қатарында жүргенім дұрыс. Кен қопарушылар менсіз де табылар» деген берік байламға келген Жақсымбек әскери комиссариаттың табалдырығын тоздырғандай болды. Ағайын-туыстың арасында да «Өкіметтің өзі беріп тұрған бронь - қағазың тұрғанда, соғысқа сұранып не көрінді» деушілер де болмай қалған жоқ. «Батыр – бір оқтық» деген, қайдағы бір қаңғыған жалғыз оқтың құрбаны боласың да қаласың. Тым болмаса, сүйегің де арулап көмілмес. Броньді пайдаланып, кенішінде жүре бермейсің бе?» деген ақыл айтушыларға Жақсымбектің жауабы келте болды. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген. Өлермін, өлмеспін. Келермін, келмеспін. Бірақ, майданға бармай, мұнда жүрмеспін». Бірнеше рет жазылған арызы қанағаттандырылып, Ж.Үншібаев 1941-жылдың желтоқсан айында әскерге алынды-ау, ақыры... Ер жігіт осылайша, елін қорғауға аттанды.

Ия, «соғыс – ойын емес». Жақсымбекті әуелгіде әскери училищеге жіберген-ді. Бірақ, әскер өнеріне машықтанып болар-болмастан бұларды алдыңғы шепке аттандырды.

БАТЫР

Майданға ерлік жасау үшін емес, елін қорғау үшін аттанды. Батыр атану үшін емес бостандығын бөтен біреудің табанында таптампау үшін аттанды. Майданда ерлік те, батылдық та таныта білді. Майданнан Ер атанып, Батыр атанып оралды. Даңқ орденінің толық иегері, даңқты жерлесіміз Жақсымбек Тілеуұлы ҮНШІБАЕВТЫҢ атына осылай ғана қысқаша мінездеме берер болсақ та, оның тұлғасын танығандай болар едік.



Өйткені, жаудың беті-жаман, екпіні – қатты болатын. Анығын айтқанда, дұшпанның сұсы ғана емес, күші де басым түсіп жатқан шақ еді.

Жаудың жолын бөгейтін, бөгеп қана қоймай келген ізіне қайыра түсіріп, кері қуатындай жаңа күштер керек-тін. Жақсымбектердің шұғыл түрде майданға аттандырылуының себебі осында еді. Ол майданға бөлімше командирі ретінде кірді. Қазақылап айтқанда, қолбасылардың бірі. Қазақ баласына деген мұндай сенімнің көрсетілуі оның әскери оқу-жаттығу кезінде ерекше көзге түсіп, назарға ілінуінің нәтижесі еді. Бойында қайрат-күш тасып тұрған жас жігіт әскери өнердің қыр-сырын тез-ақ меңгеріп алған-ды. Әсіресе, оның жыл-

дам шешім қабылдай білетін шалттығы мен ептілігі командирлерін тәнті ететін. Бұлай болмауы мүмкін емес-ті.

Жақсымбек көп балалы отбасынан шықты. Әкесі шаруа баққан кісі еді. Қарсақбайдың кең жазығында мал өсірген ол балаларын да жасынан еңбекке тәрбиеледі. Мұндайда жеті жасар Жақсымбекке де жұмыс табылып жататын. Ағаларымен бірге мал бағып, шөп орып дегендей бұғанасы еңбекпен қатайған дала баласы кен өндірісіне араласқанда да алдына жан салмайтындардың бірі еді. Шыныққан да шымыр денелі жігіттің табиғат сыйлаған өжеттілігіне ептілігі қосылса, оған көрсетілген сенімге таңдануға да болмайтындай емес пе? Ер болып туған ел бала-

сы елін қорғауда өзгелерді соңына ерте білсе, несі айып? Жақсымбек Үншібаев соғысты Ресей, Украин, Беларусь, Балтық жағалауы елдерін, Европаның мемлекеттерін фашизм шеңгелінен азат ету операцияларына қатыса отырып, алыстағы Австрия жерінде аяқтады.

Ұлы Жеңіс таңын қалай қарсы алғанын Жақсымбек аға майын тамыза әңгімелейтін еді.

-Кезекті тапсырманы орындап, сәл мызғып алуға ниеттеніп, қисайып жата –жата кеткен едік. Соғыс өзі шыққан ұясында жүріп жатса да, Австрия жерінде немістердің қалған –құтқан бөлімшелері қарсылық көрсетіп жатқан. Біздің міндет солардың көзін жою болатын. Соғыстың әніміне аяқталатыны да, Кеңес елінің Жеңіске жететіні де ап-анық бола тұра, жау жағының әлгіндей азды – көпті бөлімшелері «өліспей беріспеуге» бекініп, кәдімгідей қарсылық көрсететін. Соғыс аяғына тақалып қалғанда адам шығынына жол бермеу – біз үшін басты міндет болды. Сондықтан, барынша сақ болуға ұмтылды. Сөйтіп, кезекті тапсырмадан келіп, тынығып алуды жөн көрген бетіміз еді ғой. Көзіміз енді іліне бастағанда: – Жігіттер, Жеңіс! Жеңіс! Соғыс бітті! – деген дауыс естілді. Қалай атып тұрғанымызды өзіміз де білмей қалдық. Бір –бірімізді құшақтап, мәре –сәре болдық та қалдық. Оқшантайымызда бардың бәрін ортаға шығарып, «Жеңіс үшін! Сталин үшін!» тастап – тастап жібердік. Ұлы Жеңісті солай қарсы алған едік – дейтін еді олқанқұйлы соғыстың Ұлы қуанышы туралы.

Ол туған еліне Батыр атанып оралды. Біз төрт жылда талай-талай шайқасқа түсіп, талай-талай ерлік жасаған ердің майдан даласындағы шайқастарының тек екі-үшеуін ғана

тілімізге тие еттік. Бәрін тізбелеуге тіліміз жете қоймасы және анық. Батыр аға елге оралған соң да қол қусырып қарап отырмады. Келе еңбекке араласты, қоғамдық-шаруашылық жұмыстардың бел ортасынан табылды. Ұзақ жылдар бойы «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігінде (қазіргі «Қазақмыс» корпорациясы) адал да абыройлы еңбек етті. Еліне сіңірген ерен еңбегі де елеусіз қалған жоқ. Майдан наградаларына еңбек майданындағы наградалар қосылды. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталуы Батыр ағаның бейбіт еңбектің де алғы шебінде болғандығының айғағы емес пе? Халқы да қан майданда кеудесін оққа тосып, елін қорғаған Батыр ұлын бағалай білді, қадірлеп, құрмет тұтты. Ол бірнеше мәрте Жезқазған поселкелік Кеңесінің депутаттығына сайланды. Сәтбаев қаласының Құрметті Азаматы атанды. 1954-1964 жылдары, яғни, он жыл бойы халық депутаттары Жезқазған поселкелік Кеңесінің төрағасы ретінде әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге белсене араласты. Жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу ісінде Жақсымбек аға Үншібаевтың өмірі үлгі-өнеге еді. Тірісінде «Батырымыз» деп мақтан тұтқан елі оған деген құрметін дүниеден өткен соң да ұмытқан жоқ. Сәтбаев қаласындағы бір көшеге есімі берілді. Өзі талай жыл жемісті еңбек еткен қалалық тұрғын үй коммуналды шаруашылық мекемесінің ғимаратына ескерткіш тақта орнатылды. Бірақ, Батырға деген құрмет осымен ғана шектеліп қалмаса керекті. Оның өмірін, ерлігін одан әрі насихаттай білу – бүгінгі, ертеңгі ұрпақтың парызы болып қала бермек.

Абдола ДАСТАНОВ.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады.

Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat.satpaev@maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat.satpaev@maslihat@mail.ru

ӘЛИЯ – ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІК СИМВОЛЫ

2025 жыл – қазақ халқының ардақты қызы, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл. Бұл – ұлтымыз үшін үлкен тарихи белес. Себебі Әлияның өмірі мен ерлігі – бүгінгі ұрпақ үшін патриотизмнің, табандылықтың, қайсарлықтың айқын үлгісі.



Әлия — тек өткеннің қаһарманы емес, бүгінгі ұрпақтың жүрегіндегі жарқын бейне. Ол — Отан үшін от көшкен қазақ қыздарының символы. Оның ерлігі мен өрлігі ғасыр өтсе де ұмытылмайды. Жастар оның ерлігімен терең танысып жатыр. Бұл — Әлияның рухани мұрасын дәріптеудің жарқын көрінісі.

Әлия Молдағұлова — ел тарихындағы алтын әріппен жазылған есім. Оның 100 жылдығын атап өту — ұлт ретінде өткенімізді ұмытпай, болашағымызға сеніммен қадам басудың белгісі. Біз батырдың ерлігін ұлықтау арқылы өзімізді тәрбиелейміз. Әлияның есімі – жеңісіміздің мәңгілік сәулесі. Ол ұлы даланың өжет қызы ретінде тарихта мәңгі қалды. Әлияның ерлігі — тек жеке батырлықтың ғана емес, ұлттық рухтың да көрінісі. Ол қазақ қызының өжеттігін, қайсарлығын және Отанға деген шексіз адалдығын көрсетті. Оның өмірі мен қаһармандығы қазақ халқының елдікті сақтау жолындағы күресінің бір бөлшегі болды. Әлия мен Мәншүк Мәметова сияқты батыр қыздар қазақ әйелдерінің ерлікке толы тарихын паш етті. Әлия Молдағұлова — жастар үшін мәңгілік өнеге. Оның қысқа, бірақ мағыналы өмірі Отан үшін жанын пиде етуге дайын болудың, қиындыққа мойымаудың және елдіктің қадірін білу керектігін үйретеді. Ол — қазақ қызының батылдығы мен сұлулығының, ерлігі мен рухының бейнесі. Әлияның ерлігі — ұлттың мақтанышы, елдіктің символы. Оның есімі тарихта алтын әріптермен жазылған, ал рухы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, жастарды батырлыққа баули береді.

Әлияның рухы — мәңгі біздің жүрегімізде!

Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жылдығына орай №1ЖББМ 9 «Б» сыныбы оқушыларымен мектеп кітапханашысы Сандұғаш Иманқұлқызы бірлесе отырып «Әлия — ерлік пен елдік символы» атты ерлік сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты оқушыларға Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың өмір жолы мен ерлігі туралы мағлұмат беру, патриоттық сезімге тәрбиелеу, отансүйгіштік рухты ояту. Тарихи тұлғаларға құрмет сезімін қалыптастыру болды.

Сынып сағатында Әлияның Ұлы Отан соғысындағы мергендік шеберлігі, қайсарлығы мен Отанға деген адалдығы жайлы айтылады. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, патриоттық тақырыпта өлеңдер оқып, көріністер қойды, сонымен қатар Әлия туралы деректі бейнематериалдар көрсетілді. Іс-шара барысында оқушылар батырлық, ерлік, отансүйгіштік ұғымдарының мәнін түсініп, қазіргі бейбіт өмір үшін алғыс білдірудің маңызын ұғынды. Әлияның ерлігі – жас ұрпаққа үлгі екені айтылып, осындай қаһарман тұлғаларды құрметтеу қажет екені ерекше аталып өтті. Сынып сағаты оқушылардың таным көкжиегін кеңейтіп, олардың бойындағы Отанға деген сүйіспеншілік сезімін арттыра түсті.

Мұндай сабақтардың қорытындысы ретінде оқушылар патриоттық рухта тәрбиеленіп, тарихи тұлғаның ерлігінен шабыт алады деп айтуға болады.

Динара МЫРЗАБЕКОВА,
№1ЖББМ ағылшын тілі
пәні мұғалімі,
Жезқазған қаласы.

ҚОС ӨҢІРГЕ ТӘН БАТЫР

Сұрапыл соғыста көзсіз ерлігімен танылған Кеңес одағының батыры, аға сержант Амантай Дәулетбеков 1917 жылы 10 қарашада Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Түгіскен ауылында туған. Тағдырдың жазуымен әскер қатарына Жамбыл облысының Талас ауданынан шақырылған. «Жақсыға талас көп» демекші, батыр есімін бүгінде екі аудан да қатар иемденіп жүрген жайы бар.

Ел басына төнген ашаршылық нәубетінен, одан қалды саяси жүйенің зорлық-зомбылық зардабынан отызыншы жылдары Түгіскен өңірі тұрғындарының басым бөлігі Бетбақдаланың шөлі мен құмынан асып, оңтүстікке қарай үдере көшкені өлке тарихынан белгілі. Бұл оқиға туралы ақын Ғалым Жайлыбайдың «Тама көшкен» деген поэмасы да бар. Сол көшкендердің арасында Амантайдың да отбасы болды. Жаңа жерге орныға бергенде тағдыр Амантайды ата-анасынан ерте айырды. Бұдан соң ол ағайындарына ере отырып, Талас ауданының Майтөбе ауылына көшіп барады. Мектептің 7-сыныбын бітірген соң зооветтехникумда оқып, ауылда зоотехник болып жұмыс істейді. Ол 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, жауынгерлік жолын Қиыр Шығыста бастайды. Соғыс басталғаннан кейін дайындықтан өткен оны 1942 жылы Брянск майданына жібереді. Онда 13-Армияға қарасты танкілерге қарсы 1180-полктің артиллериялық тобының командирі болып, алғы шептегі талай шайқастарға қатысады.

Орлов облысындағы Ливны мен Касторной аудандарындағы кескілескен ұрыстардың бірінде ерлік көрсеткен А.Дәулетбеков «Ерлігі үшін» медаліне ие болады. Ал, тағы бір көзсіз ерлігі үшін 1943 жылы 25 қаңтарда Қызыл жұлдыз орденімен марапатталады. Сол жылдың жазында Орёл мен Курск теміржолдары арасындағы Поньров қалашығы түбіндегі ұрыста Амантайдың тобы жау әскерінің қоршауында қалады. Қысылтаяң шақта зеңбірекшілер командирі қоршауды бұзып шығуға әрекет жасайды. Амантай артиллерия зеңбірегі жанында екі адамнан қалдырып, оқтары таусылған жауынгерлерді бастап танкілерге ілескен дұшпанның жаяу әскерімен қоян-қолтық ұрысқа шығады.

Курск доғасында ерліктің өшпес үлгісін көрсеткен Амантай басқарған артиллериялық есеп тобының жаумен осы шайқасы туралы мұрағатта сақталған 1180-артиллерия полкінің командирі, подполковник Мац қол қойған құжатта былайша баяндалады: «... Ұрыс екі сағатқа созылды. Жау әскерлері 13-ші рет шабуылға шықты, бар ойлары жолдарына кедергі келтіріп тұрған Дәулетбеков расчетын құрту болатын. Бірақ ол жауынгерлерімен жаудың алға ұмтылған «Су-7» маркалы 10 танкісін, бір ротадай жаяу әскерін жойып жіберді. Жау одан бетер ызаланып, батырдың зеңбірегін таптап кетпекші болды. Небәрі төрт ақ адамы қалған зеңбірек пен оның расчетін құртуға дұшпандар 14 рет оқталды. Біздің жауынгерлердің снарядтары бітуге айналды. Танктер мен автоматшылар зеңбірекке 150 метрдей жақын келді. Жаудың дәл тиген снарядынан Дәулетбековтің зеңбірегі мүлдем істен шықты. Осындай қысылтаяң шақта



Дәулетбеков табандылық танытты. Тірі қалған төрт жауынгер оның бұйрығы бойынша орындарынан тұрып, жаудың жаяу әскеріне қарсы ұмтылды. Оқтары таусылған жауынгерлер қоян-қолтық ұрысқа көшті. Осы жағдайдың өзінде Амантай 4 фашисті мұрттай ұшырды. Бірақ оның өзіне де оқ тиді...». Командованиенің келтірген тағы бір жазбасындағы деректерде аға сержант А.Дәулетбековтің зеңбірегі жаудың 29 танкін, 13 өзі жүретін зеңбірегін істен шығарып, 150 жаяу әскері мен 40 автоматшының көзін жойған екен. Әскери

қолбасшылық 1943 жылдың 9 шілдесінде дұшпандармен арыстанша алысып, ерлікпен қаза тапқан батырдың ерлігін лайықты бағалады. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылдың 24 желтоқсандағы Жарлығы бойынша Амантай Дәулетбековке Кеңес Одағының Батыры атағы «Алтын жұлдыз» медалімен қоса берілді. Оның есімі Курск түбіндегі шайқаста ерлікпен соғысып, қаза тапқан батырлармен бірге Ресейдің Поньров ауданындағы мемориалдық кешенде алтын әріппен жазылған.

Бүгінде өмірінің аздаған жылын өткізген Жамбыл облысы Талас ауданы Майтөбе ауылындағы орта мектепке батыр А.Дәулетбековтің есімі беріліп, мектеп алдына бюсті орнатылған. Сондай-ақ атында көше бар. «Парыз» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі, жамбылдық Бекқұлы Әлі қос өңірге ортақ батыр Амантай Дәулетбеков туралы деректер іздеуде көп жұмыстар атқарды. Ресейдегі Поньров ауданындағы жауынгерлердің әскери даңқ зираттарына да барды. Амантай отбасын құрып үлгермеген, бірақ туған-туыстарынан тараған немере-шөбере ұрпақтары бар. Әкесі Дәулетбекпен бірге туған Әбіштің немересі Оңал Әбішева батыр атасы жатқан бауырластар зиратына туған жерден бір уыс топырақ апарып, туған-туысқандарының аманатын орындады. Жаңаарқалық ардагер дәрігер Роза Бисенова да батыр есімі тасада қалмасын деп баспасөз бетінде деректерін қамтыған мақалалар жазып жүр.

Туған өңірі Жаңаарқа ауданының орталығында да А.Дәулетбековтің атына көше берілген, батырдың кеуде мүсін ескерткіші орнатылған. Музейде құжат деректері мен баспасөзде жарияланған материалдары сақтаулы. Аудандағы Даңқ алаңындағы мемориалдық ескерткіш тақтаға есімі жазылған Амантай батырдың рухына жыл сайын Жеңіс күнінде жаңаарқалықтар тағзым етіп, құрмет көрсетеді. Ендігі кезекте, жаңадан шаңырақ көтерген Ұлытау облысының басшылығы мен жұртшылығы да ерен ерлігімен есте қалған батыр есімін жатсынбай, ізгі шараларға арқау етіп, елеп-ескергендері жөн болар деп ойлаймыз.

Амандық РАХҰЛЫ

АЛТЫН БҰЙЫРМАҒАН АЛТЫНШАШ

БАТЫР ҚЫЗДЫҢ ЕСІМІ НЕГЕ АРДАҚТАЛМАЙДЫ?

Қанқұйлы соғыста қазақтың даңқын көкке өрлеткен батыр қыздарымыз Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанованың есімдері елге жақсы таныс. Ал, Алтыншаш Нұрғожина туралы білеміз бе?



Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының және «Тарлан» сыйлығының лауреаты Бақытжан Қанапиянов есімді ақын бар. Ол өлеңдерін орыс тілінде жазады. Қазаққа ең алғаш Алтыншаш туралы деректі жеткізген лде сол ақын. Ол Чернобыльдағы апаттан соң сонда барған кезінде жергілікті кітапханада Михаил Левченко есімді украин ақынының 1944 жылғы «Патриот Родины» деп аталған дивизиялық газеттегі өлеңіне көзі түседі. Өлең бар болғаны екі шумақ ғана екен. Бірақ, Бақытжанға өлеңнің қазақ қызына, оның ерлігіне сүйсіне жазылғаны ерекше әсер етеді. Сол өлеңді орыс тілінде қалай жазылса, солай сіз де оқып көріңіз.

«Памяти комсомолки Алтыншаш Нургажиновой, подбившей два фашистских танка

Я родом сам с цветущей Украины...
И дороги мне берега Днепра.
Там с песней на пшеничные равнины
Нисходят голубые вечера.
Но кажется, что в знойном
Казахстане,
Я, как она, родился, жил и рос...
Я вижу рядом, в дымчатом тумане,
Ее глаза, улыбку, прядь волос.
Седой акын по вечерам в ауле
Под звуки домбры песню пропоет,
Как шла она под вражеские пули
И в смертный час сказала нам:
— Вперед!

Спокойны будут горные долины,
И в прошлое уйдет войны гроза.
Сквозь листья, падающие с вершины,
Нам улыбаются ее глаза...».

Б.Қанапиянов өлеңнің авторын табуға ұмтылады. Сөйтіп, оны табады, хат алысады. Бұл туралы белгілі журналист Сарбас Ақтаевтың «Қаһарман қыз Алтыншаш немесе ақын аузынан естіген аңыз» деген мақаласында егжей-тегжейлі жазылған. Михаил Александрович Левченко сол тұста Одесса университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы екен. Полтава топырағында дүниеге келген ол соғысты қатардағы жауынгер болып бастап, сержант шенімен аяқтапты. Полктің барлаушысы, Төртінші Украин майданының дивизиялық газетінің әдеби қызметкері болған екен. Михаил Александровичтің қазақ ақынына жолдаған хатының ұзын-ұрғасы С.Ақтаевтың мақаласында келтірілген. «Менің өлеңім Алтыншаш Нұрғожинаның өзім көзбен көріп, куәсі болған ересен ерлігінің ізі суымай жатып жазылған еді. Мәселе былай болған. Ол кезде мен «Патриот Родины» газетінің қатардағы қызметкері едім. Майданда материал жинап жүріп бір топ солдаттармен және офицерлермен бірге неміс фашистерінің қоршауында қалып қой-дым. Меніңше, бұл Котовица маңында болса керек. Жағдай тым қиын еді. Кенет жауынгерлердің арасынан

 Нургажинова Алтыншаш Ускенбаевна Орден Красной Звезды	
	
Наградной документ Дата рождения: __. __. 1924 Наименование военкомата: Сталинский РВК, Московская обл., г. Москва, Сталинский р-н Дата и место призыва: Сталинский РВК, Московская обл., г. Москва, Сталинский р-н Дата поступления на службу: __. __. 1941 Воинское звание: гв. лейтенант Воинская часть: 207 гв. сп Кто награждал: 101 ск 1 Украинского фронта Наименование награды: Орден Красной Звезды Номер документа: 67/н Дата документа: 22.11.1944 Место призыва: Сталинский РВК, Московская обл., г. Москва, Сталинский р-н Приказ подразделения №: 67/н от: 22.11.1944 Издан: 101 ск 1 Украинского фронта Информация об архиве+	

қаршадай бір қазақ қызы шыға келді де, қорғаныс ұйымдастырып алға ұмтылды. Гранатамен жаудың бір танкісін отқа орады. Орнынан тұрып, «алға» деп ілгері ұмтылғанда, тасадан екінші темір тажал шыға келгені ғой. Өлгі қыз жай-күйге қарамастан, соған қарсы ұмтылды. Өзі де мерт болды, жолдастарына да жол ашты. Бұл осы батальонның комсорғы Алтыншаш Нұрғожина екен. Кейін қарулас достары Мәскеуде болып, қыздың туған-туысқандарын тауып алып, менің өлеңімді көрсетіпті. Олар мені қонаққа шақырды. Алайда жағдай болмай, бара алмай қалдым. Сонымен байланыс үзілді. Жылдар жылжып, уақыт зулап, сол бір отты оқиғаның кейбір тетіктерін жадымыздан өшіріп те тастады ғой. Алайда бір менің ғана емес, ондаған жүздеген жолдастарының өмірін аман сақтап қалған қаһарман қазақ қызының бейнесі көз алдымда тұрады да қояды. Алматыға арнайы қонаққа шақырғаны үшін мың да бір рахмет саған, Бақытжан! Бірде ондағы бір ғылыми конференцияға қатысқаным бар еді. Астаналарыңды аралап, халқыңның қонақжайлығына дән разы болғанмын. Хат жазып тұр. Іздеу салған ісіңе хал-қадерінше көмек берермін. Сау бол, бауырым. Өзіңнің М.Левченкоң ». Міне, Алтыншаш есімді батыр қыздың ерлігіне сүйсінген украин ақынының лебізі осындай. Сонымен Алтыншаш Нұрғожина кім болған, соғысқа қай жерден шақырылған. Б.Қанапиянов, С.Ақтаев ағаларымыздың жазғанда-

УЧЕТНАЯ КАРТОЧКА ПОЛИТРАБОТНИКА					
№ лич. дела	Имя				Фамилия
Отчество	Год рождения	Место рождения	Национальность		
Партийность и партстаж	С какого времени в РККА	Общее и специальное образование			
Военное образование	что и когда окончил	Какие иностранные языки владеет			
Состав и почтовый адрес семьи:		Чей призыв			
Воинское звание	Дата призыва	№ приказа о призыве	Чей призыв		
Отметки о наградах					
Дата награждения	Кем награжден	Чем награжден	Дата награждения	Кем награжден	Чем награжден

рына және Мемориал ОБД, Память народа сайттарынан қарастырып көргенде білгеніміз, Алтыншаш Өскенбайқызы Нұрғожина 1924 жылы Мәскеу қаласында дүниеге келген.

Қызыл армия қатарына 1941 жылдың тамызынан алынған. Шамасы, еті өте тірі, бейбіт өмірде комсомолдық, қоғамдық жұмыстарға белсене

араласып жүрген де болуы мүмкін. Өйткені, әскерге Мәскеу қаласының Сталин аудандық әскери комиссариаты арқылы шақырылған ол комсомол жұмысын ұйымдастырушылардың алты айлық курсына жіберіліп, соны тәмамдаған соң алғаш 8-гвардиялық дивизияның бірінші батальонының комсорғы болған. 1942 жылғы желтоқсанда жараланып, госпитальға түседі. Госпитальдан шыққаннан кейін бірінші танк армиясының 24-інші жеке механикаландырылған құрамының санитарлық бөлімінде медбике болып істейді. 1943 жылғы қарашада қайтадан жараланады. Ауыр жарақаттан жазылып шығысымен 1944 жылдың наурызында 237-атқыштар дивизиясының 835-атқыштар полкінің бірінші батальонына комсорг болып барады. Ең ақырында 1944 жылғы шілдеде 70-атқыштар дивизиясының 207-атқыштар полкінің екінші батальонына комсорг болады. 1944 жылғы 2-қазанда қаза табады. Польшадағы Краков воеводствосының Лугмян ауданындағы «Гуто-Полянский» елді мекенінің терістік-батыс жағына жерленеді. Өлгеннен кейін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. Украин ақыны М.Левченко Алтыншаштың Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылғанын айтпап па еді? Сонда жұлдыз жоғалып кеткен бе? Шамасы, жоғары жақтағылар қазақ қызына Алтын Жұлдызды қимаған, сосын Қызыл Жұлдызды сыйлаған болу керек. Басқаша пайым жасаудың реті жоқ.

Б.Қанапияновтан кейін Алтыншаштың ізіне түсіп, зерттеген белгілі жазушы Жүсіпбек Қорғасбек екен. Ол Алтыншаштың Мәскеуде тұрған пәтеріне шейін тапқан. Өкінішке қарай, пәтердің бұрынғы иесі туралы көршілер ештеңе білмейтін болып шығыпты. Ж.Қорғасбек Ресей Қорғаныс Министрлігіндегі Офицерлер құрамының тізіміне А.Нұрғожинаның енгізілуіне тікелей ықпал еткен. Соғыста лейтенант болған Алтыншаштың ондай тізімде болмай шыққанын түсіну де қиын.

Ұлт зиялары А.Нұрғожинаның ерлігін дәріптеу туралы мәселе көтермеген десек, ақиқатқа ауыр соғар еді. Осыдан он жылдай бұрын, нақтылап айтқанда, 2016 жылы ақын, ҚР Мемлекет сыйлығының лауреаты Ұлықбек Есдәулет Алтыншаш Нұрғожинаның өмірін, ерлік жолын терең зерттеп, оны Қазақстанның Халық Қаһарманы атағына ұсыну туралы ойын білдірген екен. Бірақ...

Алтын бұйырмаса да оның есімін ардақтауға не кедергі? Неліктен осындай батырларымыздың ізіне түсіп, індетте зерттеу жағы кемшін соғып жатады? Сұрақ - көп, жауап - жоқ.

«Ерлерді ұмытса да ел, - сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, - жел ұмытпас.
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған
Ерлерді ұмытса да ел, - шөл ұмытпас.
Ел жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жортқан,

Ерлерді ұмытса да ел, - бел ұмытпас.
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан,
Ерлерді ұмытса да ел, - жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі
Ерлерді ұмытпаса, - ел де ұмытпас!»
деген еді ғой Мағжан ақын. Бар –жоғы 20 жасында қыршын кеткен қазақтың батыр қызы Алтыншаш Нұрғожина туралы білгенімізді біз ортаға салдық, ал, сіз одан әрі тарата жүріңіз.

Абдолла ДАСТАНОВ,
Қазақстанның құрметті
журналисі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӨРСЕТУДІ БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер – ел тұрғындарының құқығы мен бостандығын, сонымен қатар кез – келген жағдайда туындаған мәселені шешу жолында жұмыс жасайтын маңызды сала. Сол себебі, қызмет көрсету сапасын арттыру аса маңызды. Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасына терең мән беріп, мемлекеттік қызметкерлерінің жұмысын бақылауға алу басты талапқа айналған. Себебі, қоғамда адамзат дүниеге келгеннен бастап өмірінің барлық кезеңдерінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер алу үшін мемлекеттік органдарға жүгінеді.

Айта кетейік, Департаментпен 2024 жылы 21 бақылау іс-шаралары өткізілді, оның ішінде: профилактикалық бақылау – 5, жоспарлы тексерулер – 8, жоспардан тыс тексерулер – 5, жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары бойынша – 3 тексеру. Тексерулер нәтижесінде жалпы 723 бұзушылық анықталды. Жалпы санынан мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу – 112, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзу – 213, қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту – 3, жұмыс мерзімін бұзу – 301, өзге де бұзушылықтар – 94 фактілер анықталған.

Сонымен қоса, Жезқазған қаласының білім бөлімі заңнамада көзделмеген жеке функционалды «ИНДИГО24.кз» ақпараттық жүйесіне енгізу арқылы, қаланың мектепке дейінгі ұйымдарына осы ұйымдар қызметкерлерінің балалары кезектен тыс қабылданғаны анықталды.

Департаменттің ден қою шараларының нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін балалардың кезегі қалпына келтірілді, бос орындар заң талаптарына сәйкес қайта бөлінді.

Осылайша, балабақшаларға жіберу үшін ұзақ уақыт кезекте тұрған

39 мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейінгі) баланың құқықтары қалпына келтірілді.

Департаментпен енгізілген ұсынымдардың нәтижесінде 15 лауазымды тұлға «сегіс» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Қызмет алушы Е. Жезқазған қаласының мансап орталығына «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін бірнеше рет жүгінген. Алайда, Мансап орталығы тарапынан мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартулар берілген.

Қызмет алушының мемлекеттік қызмет алу үшін құжат тапсыру, қызмет нәтижесін алуы Департамент бақылауы нәтижесінде, қызмет алушы Е. бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды.

Департаментпен қызмет алушылардың құқықтарын қорғау және қызмет көрсету сапасын бақылау бойынша тұрақты жұмыстар жүзеге асырылуда.

Жалпы, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын үнемі бақылауда ұстап, олқылықтың орнын толтырып, алдын-алу шараларын жүзеге асыру аса маңызды. Себебі – мемлекеттік қызметкерлер – ел мүддесін арқаласа, мемлекеттік қызмет көрсету – қашан да халықтың қажеттілігін қанағаттандыруы тиіс.

Роман КИМ,
ҚР Мемлекеттік қызмет
істері агенттігінің
Ұлытау облысы бойынша
Департамент басшысы.

ҚЫЗМЕТТІК ЭТИКА – ХАЛЫҚ СЕНІМІНІҢ КЕПІЛІ

Мемлекеттік қызметкер әр түрлі қоғам мүшелерінің өкілдерімен жұмыс істейтіндіктен аса үлкен дайындықпен қызмет атқару тиіс. Қызмет орнында өзін-өзі ұстай білу, сыртқы бейнесі мен киім үлгісі тәртіпке сай болуын қадағалау, қимыл-әрекеттерін әңгіме кезінде қолдана білу, анық әрі түсінікті жүйелі түрде сөйлей білу сияқты барлығы қызметкердің кәсіби этикалық құндылықтарына және жалпы қабылданған этика жүйелеріне жатады.

Мемлекеттік қызметшілер Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға тиісті.

Қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға, өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға, іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық көрсетуге жол бермеуге, қарапайым болуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді

алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға, қоғамға жат әрекеттерді жасауға тартуға жол бермеуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынасы кезінде ұжымда іскерлік және тілектестік өзара қарым-қатынасты әрі сындарлы ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға ықпал етуге, басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзудың жолын кесуге немесе оларды болдырмау жөнінде өзге шаралар қабылдауға міндетті.

Мемлекеттік қызметкер бұл мемлекетіміздің бейнесі, айнасы деп айтуға да болады. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметкер, мемлекеттің өсуі өркендеуі оның жұмысының нәтижесі екенін ұмытпауы тиіс. Мемлекеттік қызметкер деген биік атқа ие болу және сол атақты абыроймен ұстап өту әр қызметкердің басты мақсаты және міндеті. Тек бірлесіп жұмыс істеу барысында және мемлекеттік қызметкердің этикасын ұстаған жайдайда ғана біз осындай биік дәрежеде көріне аламыз.

С.БУХАРОВА,
Сәтбаев қалалық соты
әкімшісінің басшысы.

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ПЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ КЕПІЛІ»

Ұлытау облыстық тілдерді дамыту орталығының ұйымдастыруымен өңірдегі түрлі этнос өкілдері мен этно-мәдени бірлестіктер арасында осы тақырыпта облыстық конференция өтті.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, өзге этнос өкілдері арасында қазақ тілін насихаттау және тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру мақсатын көздеген конференцияда Гилемханова Зульфия Зуфаровна – «Қазақстан татар және башқұрт конгресі» РҚБ филиалының төрағасы, Пак Евгений Вячеславович – «Ассамблея жастары» ҚБ жетекшісі, Жумкина Светлана Серікбаевна – Жезқазған бизнес және көлік колледжінің директоры, филология ғылымының кандидаты, Жезқазған қалалық мәслихат депутаты, Игемберлина Мадина Балтина – Сәтбаев қалалық «Тіл-Құрал» оқу-әдіс-

темелік орталығының басшысы әртүрлі тақырыпта баяндамалар жасады.

Конференцияда пікір алмасу, жарыссөз ұйымдастырылып, ұсыныстар тыңдалды. Шара соңында Ұлытау облыстық тілдерді дамыту орталығының басшысы Тлеулинов Құрмет Жалаулыұлы конференция ұсыныстарын оқып, белсенді қатысушыларды дипломдар мен алғыс хаттармен марапаттады. Алдағы уақытта конференция материалдары жинақ болып шығарылып, облыстық кітапханаларға таратылатын болады.

І.ТҮСІПҰЛЫ.





ОВЕН. Вам предстоит яркая и продуктивная неделя. Вы будете полны энергии и энтузиазма, благодаря чему сможете легко справиться с важными задачами. Однако не забывайте учитывать мнение близких — это поможет избежать мелких конфликтов. В среду возможна судьбоносная встреча, которая изменит ваши планы.



ТЕЛЕЦ. Тельцы будут испытывать желание заняться чем-то необычным и творческим. Это подходящий период для начала новых проектов или саморазвития. Обратите внимание на финансы — вам предстоит удачное время для выгодных вложений или покупки. Не бойтесь принимать решения, доверяя собственной интуиции.



БЛИЗНЕЦЫ. Вас ожидают интересные знакомства и увлекательные события. На работе проявите гибкость и находчивость, это позволит продвинуться по карьерной лестнице. В личной жизни не исключены приятные сюрпризы. Главное — сохраняйте позитивный настрой и не забывайте уделять время себе.



РАК. Вам стоит сосредоточиться на решении старых вопросов и завершении текущих дел. Возможно, придется корректировать планы на неделю, но это пойдет на пользу вашим целям. Хороший период для укрепления семейных связей и общения с родственниками. Вторая половина недели благоприятна для отдыха и путешествий.



ЛЕВ. Львам звезды сулят удачу в финансовых вопросах и реализации планов, связанных с карьерой. Важно проявить инициативу и не бояться брать на себя ответственность. В личной жизни избегайте чрезмерного доминирования, проявляйте мягкость и терпение. Выходные идеально подходят для культурных мероприятий.



ДЕВА. Вам на этой неделе стоит проявить осторожность и внимательность в общении с окружающими. Не исключены небольшие недопонимания, однако, проявив дипломатичность, вы легко сможете уладить любые разногласия. Отличное время для занятий здоровьем, ухода за собой и полезных приобретений.




ВЕСЫ. Вам следует быть более решительными в своих действиях и не откладывать важные решения на потом. Эта неделя особенно благоприятна для новых начинаний в сфере личных отношений и карьеры. Ваше обаяние и коммуникабельность будут на высоте, что поможет обрести новых союзников и друзей.




СКОРПИОН. Вам звезды рекомендуют уделить внимание эмоциональному состоянию. Возможно, вам захочется уединения и переосмысления своих приоритетов. Это хорошее время для глубоких разговоров и укрепления близких отношений. В финансовых вопросах избегайте импульсивных решений.



СТРЕЛЕЦ. Вас ждет динамичная и насыщенная неделя. Ваша энергичность и жажда приключений помогут вам добиться успехов как в делах, так и в личной жизни. Благоприятный период для поездок, знакомств и творческих проектов. Не забывайте про отдых, иначе рискуете переутомиться.



КОЗЕРОГ. Козерогам следует проявить гибкость и адаптивность, чтобы справиться с непредвиденными обстоятельствами. Не бойтесь идти на компромисс, особенно в работе и личной жизни. Конец недели будет удачным для финансовых операций и сделок. В личных отношениях проявите внимание к чувствам партнера.




ВОДОЛЕЙ. Вам стоит на этой неделе заняться планированием и постановкой новых целей. Возможно, вы почувствуете прилив вдохновения и желание перемен. Не бойтесь экспериментировать и искать новые пути развития. В личной жизни могут появиться интересные возможности и перспективы.



РЫБЫ. Эта неделя подарит вам мощный энергетический подъем — звезды советуют направить его на карьерные свершения. Во вторник возможны неожиданные финансовые поступления, но не спешите тратить — лучше отложите часть суммы. Постарайтесь не принимать важных решений под влиянием настроения. В пятницу избегайте споров с близкими — эмоции могут перевесить разум.

СКАНВОРД



Анекдоты, анекдоты...



В Москве проходит тендер на строительство здания. Проект представляет немецкая компания. Смета 10 миллионов. Затем турецкая компания — 5 миллионов. Подходит черед российской компании. У них смета 15 миллионов.

- Почему так много?

- Ну, как же? 5 миллионов нам, 5 миллионов вам и 5 туркам, чтобы строили.

И они выигрывают тендер!

Едет русский на своем автомобиле по Украине. Его останавливает украинский гаишник:

- Вы нарушили правила, пишите объяснительную записку на украинском языке.

- Но я не умею, на украинском!..

- Тогда отберем права.

Что делать? Русский положил в чистый лист 100 долларов. Гаишник смотрит.

-Ну, вот, говорите, что не умеете, а половину уже написали!

- Катя закачала в губы полкило силикона и от кавалеров просто не стало отбоя

- Так похорошела?

- Нет. Ей просто стало трудно говорить

и она стала больше молчать..

Упитанная блондинка путешествует по Индии. Экскурсовод показывает на толпу истощенных нищих:

- Вот посмотрите, некоторые из этих людей не ели ничего почти неделю.

Блондинка с уважением:

- Мне бы такую волю!

Объявлен международный тендер на прокладку трубопровода по дну океана из Европы в Америку. Проект представляет немецкая компания, показывает графики, схемы, сметы.

- Мы будем работать три года. Начнем с двух сторон. Когда дойдем до середины, гарантируем, что расхождение будет не более десяти метров.

Японская компания, показывает проект:

- Мы будем работать два года. Начнем с двух сторон. Когда дойдем до середины, гарантируем, что расхождение будет не более пяти метров.

Русская компания:

- Мы будем работать полгода. Начнем с двух сторон. Ничего не гарантируем. В крайнем случае, будет две трубы.

► 22 СӘУІР – АҚЫН, ЖЫРШЫ, ТЕРМЕШІ ШЫНБОЛАТ ДІЛДЕБАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

«ШЫНБОЛАТТЫҢ ШЫНДЫҒЫ»

Сәтбаев қаласында жыл сайын ақын, жыршы, термеші Шынболат Ділдебаевтың туған күнін атап өту дәстүрге айналғаны белгілі. Биыл осы дәстүр аясында «Шынболаттың шындығы» спектаклі көрермедер назарына ұсынылды.

«Шынболаттың шындығы» – ақын, жазушы, журналист, саясаттанушы, «Жошы хан» мен «Ұлытау кереметтері» кітаптарының құрастырушысы, Мұқағали Мақатаев және Үмбетей жырау атындағы сыйлықтардың иегері Асылбек Байжұмаұлы мен театр сыншысы Бахтияр Тұрсынның шығармашылық бірлестігінен туындаған туынды. Пьесасының қоюшы режиссері – Қазақстанның мәдениет саласының үздігі Сүндет Сәрсен. Ал басты кейіпкер – ақын Шынболаттың рөлін Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Астана қаласы «Жастар» театрының негізін қалаушы, театр және кино актері Азамат Есқұлов сомдады. Ш.Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайының жанынан құрылған «Жастар» театрының және Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық драма театрының өртістері, сондай-ақ Жезқазған музыкалық колледжінің «Ақтер өнері» бөлімінің студенттері де спектакльде өздерінің



өнерлерімен танылды.

Спектакль Шынболат Ділдебаевтың азаматтық образын, кенші мамандығы мен өнерді қатар алып жүрген өмір жолын арқау еткен. Қала әкімі Мұрат Бөрібаев пьеса авторлары мен оны сахналаушыларды қала халқының атынан құттықтап, тиісті сый-сияпат көрсетті.

– Шынболат Ділдебаев – халқымыздың ұлттық сөз өнерін, айтыс дәстүрін жаңа белеске көтерген, шындықты ту еткен дара тұлға. Оның өмір жолы мен

шығармашылық мұрасы өскелең ұрпаққа – өнеге, елге – рух, жұртқа – жігер береді. Қазақ руханиятының жадын жаңғыртатын, өткені мен бүгінін сабақтастыратын аталмыш өнер туындысы – Шынболаттай ұлт жанашырына деген құрметтің көрінісі. Оның қалдырған ұлы мәдени мұрасы ғасырлар бойы жаңғырып, ұрпаққа мирас болып қалары сөзсіз – деді Мұрат Ерболатұлы.

Спектакльдің сахналық ғұмыры ұзағынан болғай!

Ай НҰР.

ОҚУШЫ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

Сейсенбіде, жұмысшы мамандықтарының жылына және ақын, жыршы, термеші Шынболат Ділдебаевты еске алу мақсатында «Еңбек адамы – ел мақтанышы» атты екінші облыстық оқушылар арасындағы айтыс болып өтті.

Жас ақындар бас қосқан бұл дүбірлі додада еңбек адамы ардақталып, қоғамдағы орны мен қадірі жыр өзегі болды.

Қазақтың рухани өмірінде айтыс – ұлттың үнін, елдің мұңын, халықтың арман-тілегін жеткізетін ұлы өнер. Осы өнердің аясында жас ақындар еңбек адамдарын, жыршы-термеші, қоғам қайраткері Шынболат Ділдебаевтың өмірі мен еңбек жолын ұлықтады. Тақырыпқа терең бойлап, өз ойларын ұтқыр, тапқыр сөзбен жеткізе білді.

Айтысқа облысымыздың әр түкпірінен келген дарынды оқушылар қатысты. Сөз сайысына түскен ақындардың тыңғылықты дайындықпен келгені байқалды. Қазылар алқасы қатысушылардың суырыпсалмалық қабілетін, тіл байлығын, тақырыпты ашудағы шеберлігін жоғары бағалады.



Қос айналымда шашасына шаң жақтырмай, өзінің өткірлігімен мәреге жеткен қоскөлдік Ибраһим Шүкір «Көрермендер көзайымы» номинациясын еншіледі. Сәтбаевтық Ерсай Серік пен жаңаарқалық Айбат Қапбас үшінші, сәтбаевтық Мақпал Көшербай екінші,

жезқазғандық Жұбан Камалбек бірінші орынды иеленді. Бас жүлдені Ұлытау ауданы Қоскөл ауылынан келген Гүлзат Шүкір жеңіп алды. Барлық қатысушыларға Алғыс хат пен ынталандыру сыйлығы табыс етілді.

Ай НҰР.

«ҰЛТТЫҚ КИІМ – ҰЛТ БЕЙНЕСІ» ФЕСТИВАЛІ

Қазақ халқының бай киім мәдениетін жаңғырту, заманауи сәнмен үндестіре отырып, ұлт болмысының бейнесін көрсетуді мақсат тұтқан бұл фестивальді Ұлытау облысы дін істері басқармасы ұйымдастырды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бурабайда өткен құрылтайда ұлттық киім ұлтымыздың бірегей болмысын айшықтайтын маңызды элемент екенін айта келе, «Бет-жүзді тұмшалайтын қара киімнен гөрі өзіміздің ұлттық киімдеріміз әлдеқайда артық» деген еді. Фестиваль аясында ұлттық киімнің халқымыздың рухани-мәдени құндылықтарын айшықтайтын, дәстүр мен дінді өзара үйлестіретін рөлін таныстыруға баса назар аударылды.

Фестиваль аясында ұлттық нақышпен безендірілген сахна мен киімдер көрмесі ұйымдастырылды, халық ықыласына бөленген танымал дизайнерлердің топтамалары көрсетілді, Халықаралық деңгейдегі Aida

KaumeNOVA сән үйінің топтамасы көпшіліктің назарын аударды.

Фестивальге Ұлытау облысы әкімінің орынбасары З. Ақылбекова, белгілі тележурналист Д. Нұржігіт, Астана қаласындағы «Ырыскелді қажы» мешітінің бас имамы, елімізге белгілі дін маманы Н.Байжігітұлы, Алматыдан шақырылған дизайнерлер – М.Бектай мен Г.Бекбатыр Гүлнұр қатысып, ұлттық киім – тек сәндік элемент емес, ұлттың рухани-мәдени тамырының көрінісі екенін, ал оны насихаттау – әсіресе жастар арасында діни сауаттылықты арттырып, жат идеологиялардан қорғаудың бір жолы екенін баса айтты.

А.НҰРТАУҰЛЫ.



Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 673

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.